«НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА НУР-СУЛТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

N661 от 27.10.2021

**Мектепке дейінгі ұйымдарда**
**ерекше білім беруге қажеттілігі**
**бар балаларға арналған инклюзивті**
**топтар ашу туралы**

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына және «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №66 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылының қараша айынан бастап ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті топтар қосымшаға сәйкес келесі мектепке дейінгі ұйымдарда ашылып, жасақталсын:

№1 «Бәйтерек» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№7 «Аққу» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 3 бала;

№9 «Нұршашу» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 3 бала;

№21 «Гүлдер» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

№25 «Таңшолпан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№27 «Балауса» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 7 бала;

№32 «Балдәурен» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№34 «Ақ бидай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 3 бала;

№36 «Балапан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

0003660

№37 «Арман» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 11 бала;

№54 «Нұр-Ай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 27 бала;

№55 «Қарақат» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№65 «Бал бала» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 6 бала;

№69 «Еркем-ай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 15 бала;

№77 «Қошақан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 4 бала;

№89 «Қыз Жібек» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

№94 «Сұңқар» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес инклюзивті топтар үшін жағдай жасасын және «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №66 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізсін.

3. Қаржы-экономикалық бөлімі штат кестесін қарастырсын және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес тиісті қосымша ақылар мен үстемақылар көзделсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және құқықтық сараптау бөлімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті топтардың ашылуына байланысты жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың Жарғысына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**Білім басқармасының**
**басшысы** **Ш. Сейсенбай**